

1-qism: Har bir topshiriq 0,9 balldan baholanadi

1. Қазақ поэзиясының Құлагері атанған ақын кім?

- A) Илияс Жансүгіров B) Сәкен Сейфуллин
C) Мағжан Жұмабаев D) Бейімбет Майлин

2. Тыңдау неше түрлі болады?

- A) 3 B) 4
C) 2 D) 5

3. Қызылордада қазақ халқының тұңғыш ұлттық театры қай жылы ашылды?

- A) 1926 жыл 13 қаңтар B) 1926 жыл 12 қаңтар
C) 1925 жыл 13 қаңтар D) 1925 жыл 12 қаңтар

4. Қазақ тілі түркі тілдері тобының қай тобына жатады?

- A) қыпшақ-ноғайлы тілдері
B) қыпшақ-бұлғар тілдері
C) батыс-қыпшақ тілдері
D) қырғыз-қыпшақ тілдері

5. Ұлттық театр шымылдығы қай жазушының пьесасымен ашылды?

- A) Б.Майлин B) М.Әуезов
C) М.Жұмабаев D) І.Жансүгіров

6. Диалектизмдердің есебінен көбейген синонимдер?

- A) ұрпақ – кебек B) жүріп кетті – дүниеден өтті
C) пішін – порым D) мұржа – труба

7. Ақын әрі жазушы Сәкен Сейфуллин қай жерде дүниеге келген?

- A) Сол.Қазақстан,Булаев
B) Торғай обл,Қостанай
C) Талдықорған обл.Ақсу
D) Қазіргі Қарағанды обл,Жаңа Арқа

8. Шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі не деп аталады?

- A) Баяндама B) Асыл сөз
C) Шешендік сөз D) Нақыл сөз

9. «Жеке батыр» тарауы жазушы Сәкеннің қай туындысында берілген?

- A) «Өткен күндер» B) «Тар жол, тайғақ кешу»
C) «Көкшетау» D) «Альбатрос»

10. Полилог түріндегі шешендікте сөз иесінің қандай шеберлігі айрықша байқалады?

- A) сөйлеу шеберлігі
B) логикалық тапқырлық шеберлігі
C) тыңдаушыға жақсы әсер ету шеберлігі
D) пікірсайыс шеберлігі





2-qism: Har bir topshiriq 1,5 balldan baholanadi

11. Мағжанның XVII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы қазақ халқы басына түскен ауыртпалықты, ауыр да аянышты халін барынша анық, әрі нанымды етіп шебер суреттеген поэмасы?

- A) «Қойлыбайдың қобызы» B) «Қорқыт»
C) «Батыр Баян» D) «Тоқсанның тобы»

12. Ауызша келісімді заңды түрде растайтын, екеуара не болмаса ұйым мен жеке адам арасында жүретін, белгілі бір затты (кітап, ақша, басқа да құралдарды) екіншібіреу арқылы алуға жасалынатын құжат – ...?

- A) Өтініш B) Қолхат
C) Сенімхат D) Өмірбаян

13. Поэзияда кедейлер тақырыбын көтерген, Мырқымбай бейнесін жасаған қаламгер кім?

- A) Сәкен Сейфуллин B) Мағжан Жұмабаев
C) Бейімбет Майлин D) Ілияс Жансүгіров

14. Ресми іс қағаздардың жеке адам өміріне қатысты іс қағаздарына қайсысы жатады?

- A) жарнама, мәжілісхат, хат
B) анықтама, хабарландыру, кепілдеме
C) өтініш, арыз, кепілдеме
D) өмірбаян, түсініктеме, қолхат

15. Жыр алыбы Жамбылдың 15-16 жасында ең алғашқы шығарған өлеңі?

- A) «Ақынға» өлеңі B) «Кедей» өлеңі
C) «Шағым» өлеңі D) «Өмір жыры» өлеңі

16. Диалогтік түріндегі шешендікте сөз иесінің қандай шеберлігі көрінеді?

- A) пікірсайыс шеберлігі
B) тыңдаушыға жақсы әсер ету шеберлігі
C) логикалық тапқырлық шеберлігі
D) сөйлеу шеберлігі

17. Бейімбет Майлин өзінің қайсы ең шоқтығы биік көркем драмалық туындысын талантты режиссер Жұмат Шанинге ұсынады?

- A) «Шұғаның белгісі» B) «Талтаңбайдың тәртібі»
C) «Шаншар молда» D) «Майдан»

18. Әдеби тілдің нормасы қалай қалыптасады?

- A) қарапайым сөйлеу тілі B) жазба тіл
C) жалпыхалықтық тіл D) жергілікті сөйлеу тілі

19. Сұрапыл соғыс жылдарында жазылған ең көлемді шығармалардың бірі?

- A) С.Сейфуллин «Жер қазғандар»
B) Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты»
C) Б.Майлин «Шұғаның белгісі»
D) І.Жансүгіров «Қысқаша өмірбаяным»



20. Монолог түріндегі шешендікте жеке адам толғанысы арқылы сөз иесінің қандай шеберлігі көрінеді?

- A) сөйлеу шеберлігі
- B) тыңдаушыға жақсы әсер ету шеберлігі
- C) логикалық тапқырлық шеберлігі
- D) пікірсайыс шеберлігі

3-qism: Har bir topshiriq 2,6 balldan baholanadi

21. Ілияс Жансүгіровтың қай поэмасы 1730-1930 жылдар арасында болып өткен, яғни 200 жылдық оқиғаны шолып көрсетпек болған ниетпен туындаған?

- A) «Дала» поэмасы
- B) «Күй» поэмасы
- C) «Құлагер» поэмасы
- D) «Күйші» поэмасы

22. Мәтіннің ерекшеліктері (көңіл күйді білдіретін сөйлемдер, риторикалық сұраулы сөйлем, инверсия, эллипсис, градация, антитеза, құбылтулар)?

- A) Фонетикалық-фонологиялық
- B) Лексика-семантикалық
- C) Синтаксистік
- D) Морфологиялық

23. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасында бәйгеге қосылған қанша аттың ішінен қазақ даласына атағы жайылған неше жел аяқ, мыннан озған тұлпарға сипаттама береді?

- A) 1300 аттың ішінен 25-іне
- B) 1400 аттың ішінен 20-сына
- C) 1300 аттың ішінен 20-сына
- D) 1400 аттың ішінен 25-іне

24. Баяндау мақсаты мен мазмұндық белгілеріне қарай мәтін типтері?

- A) Әңгіме мәніндегі мәтін, көркемдеуіш бейнелеу мәтіні, түсіндірмелі міндегі мәтін, дидактикалық мәтін, хабарлау мәндегі мәтін, бұйрық мәнді мәтін, көңіл күйді бейнелейтін мәтін.
- B) Минимал мәтін (микромәтін) және максимал мәтін (макромәтін).
- C) Ғылыми мәтін (тезис, мақала, баяндама, аннотация, пікірлер), көркем мәтін (прозалық және поэзиялық шығармалар), ресми мәтін (анықтама, қаулы, бұйрық, мінездеме, ұсыныс), әмбебап мәтін (мақала, сұхбат, құттықтау және арнау).
- D) Кіші, орта және үлкен мәтіндер.

25. Қызылорданың шөл даласын суландыруды мақсат етіп, күріштен мол өнім алу үшін канал қазушы, жұмысшылардың өмірін арнаулы арқау еткен қай туынды?

- A) Ғабдол Сланов «Кеңеріс» хикаяты
- B) Сәбит Мұқанов «Сырдария» романы
- C) Ғабиден Мұстафин «Миллионер» романы
- D) Ғабиден Мұстафин «Шығанақ» романы

26. Мезгіл бағыныңқы сабақтас баяндауышының жасалуын тап.

- A) есімшеге **жатыс** жалғауының жалғануы арқылы;
- B) есімшеге **-дай, (-дей)** жұрнағы жалғану арқылы;
- C) тұйық етістіктен кейін **үшін** шылауының келуі арқылы;
- D) көсемшенің **-й** жұрнағына біткен болымсыз түрі арқылы;



27. Енді бүгін қарасам,

Айналам бақыт кең жатыр.

Бір-бірімен тұтасқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

Қырғыз, қазақ, өзбектер,

Монғол, ұйғыр, дүнгендер...

Орыс пенен украин

Терезесі тең жатыр, - деп, дәуір тынысын, замана келбетін жырлаған ақын?

A) Илияс Жансүгіров

B) Берді Кербебаев

C) Абдулла Қадыри

D) Жамбыл Жабаев

28. Көлемі жағынан мәтін типтері қандай?

A) Әңгіме мәніндегі мәтін, көркемдеуіш бейнелеу мәтіні, түсіндірмелі міндегі мәтін, дидактикалық мәтін, хабарлау мәндегі мәтін, бұйрық мәнді мәтін, көңіл күйді бейнелейтін мәтін.

B) Минимал мәтін (микромәтін) және максимал мәтін (мақромәтін).

C) Ғылыми мәтін (тезис, мақала, баяндама, аннотация, пікірлер), көркем мәтін (прозалық және поэзиялық шығармалар), ресми мәтін (анықтама, қаулы, бұйрық, мінездеме, ұсыныс), әмбебап мәтін (мақала, сұхбат, құттықтау және арнау).

D) Кіші, орта және үлкен мәтіндер.

29. Қай жазушы 1997 жылы Мұхтар Шахановпен бірге «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабын оқырмандарға ұсынды?

A) Мұхтар Әуезов

B) Сәбит Мұқанов

C) Шыңғыс Айтматов

D) Берді Кербебаев

30. Сильдік тұрғыдан тілдің лексикасы неше салаға бөлінеді?

A) 2

B) 3

C) 4

D) бөлінбейді

